

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін анықтау Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 24/215-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қаңтарда № 3644 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 25/218-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 12.09.2018 № 25/218-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О ескертпесі .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабынның 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 07.06.2016 № 4/30-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін анықтау Қағидасы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2 қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихаты шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Мәслихат хатшысы

T.Жақсыбаева

H.Есполов

Жарма аудандық мәслихатының

Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін анықтау Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін анықтау Қағидасы (бұдан әрі-Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 07.06.2016 № 4/30-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқаруши орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әр қайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 14.03.2015 № 26/233-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету

ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушілер "Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (бұдан әрі – уәкілетті орган) табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген коммуналдық қызметтерге тарифтерді, олардың өзгерістерін ұсынады. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қызмет көрсетушілер ұсынған жылудың шығындалуы тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары шегінде есепке алынады.

Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдай бойынша облыстық статистика департаменті ұсынған аудан бойынша орташа баға қолданылады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

4. "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметін уәкілетті орган көрсетеді.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азamat, немесе сенімхат бойынша оның өкілі) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электронды үкімет" www.egov.kz веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш береді және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметі стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 07.06.2016 № 4/30-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алғаш өтініш жасаған кезде тұрғын үй көмегі қажетті құжаттар тізбесімен бірге өтініш берген айдан бастап тағайындалады.

7. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан тәуелсіз жылына бір рет тоқсанга тағайындалады.

8. Өтініш беруші тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш жасаған кезде, тұрғын үй көмегі өтініш жасаған тоқсанда құжаттарды ұсыну уақытынан тәуелсіз тоқсанға тағайындалады.

9. Тұрғын үй көмегі:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтері, үйі) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда: бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналарды;

3) құрамында занды некеде тұрған, бірақ жоқ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына етініш жасамаған тұлғалары бар;

4) егер ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап бермеген отбасыларға көрсетілмейді.

10. Отбасының жұмыссыз мүшелері ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысады, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасылар жұмысқа орналасуды, оқуды және қайта оқуды қайта бастағанға дейін тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

11. Жылу энергиясын тұтынуды үйге ортақ есепке алу құралдары бар тұтынушылар үшін есептеуге алынатын шығындар алдыңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша үйге ортақ есепке алу құралдары бар үйлерді жылыштуға жылу энергиясын тұтыну нормалары шегінде анықталады.

12. Суық және ыстық сумен қамтамасыз етуді, газбен қамтамасыз етуді тұтынуды есепке алу құралдары бар тұтынушылар үшін есептеуге алынатын шығындар алдыңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша белгіленген тарифтер шегінде анықталады.

13. Үйлерде орталықтандырылған жылышту болмаған жағдайда жылыштуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге төлем мөлшері электр энергиясына есептелген сомадан үйге ортақ есепке алу құралдары бар үйлерді жылыштуға жылу энергиясын тұтыну нормалары және ыстық сумен қамтамасыз етуге белгіленген тарифтер шегінде есептеледі.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде келесі шарттар қолданылады:

1) өтініш беруші занды некеде тұrsa, бірақ зайдыбы сол мекен-жай бойынша тіркелмеген болса – ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және тұрғын үй көмегі туралы өтініш берген зайдыбының мекен-жайы бойынша тұрғын үй көмегі тағайындалады;

2) өтініш берушінің үйінде ата-ана құқығынан айырылмаған және басқа жерде тіркелген ата-анасы бар 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда – баланың ата-анасының табыстары есептеледі.

15. Тұрғын үй көмегін ұсыну үшін негіз уәкілетті органның шешімі болып табылады.

16. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 жұмыс күні ішінде уәкілдеп органды өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

Отініш берушілер ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

17. Негіzsіз алынған тұрғын үй көмегінің сомалары алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері және тұрғын үйді ұстаяу және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

18. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жүмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

19. Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының жиынтық табысына қарай 15 % мөлшерінде белгіленеді.

20. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін есептеу кезінде келесі нормалар ескеріледі :

1) аландар:

жалғыз басты тұрып жатқан азаматтарға – 30 ш.м;

2 адамнан тұратын отбасына – 30 ш.м;

3 адамнан тұратын отбасына – 38,52 ш.м;

4 және одан артық тұратын отбасына – әрбір адамға 15 ш.м, бірақ 38,52 ш.м көп емес;

2) газ шығыны – жер үй құрылышында тұратын отбасылар үшін – айна 1 (бір) баллон;

3) бір айға электр энергиясын тұтыну:

1 адамға – 70 кВт;

2 адамға – 140 кВт;

3 адамға – 210 кВт;

4 және одан артық адамға – 280 кВт;

4) тұрғын үй құрылышының жалпы ауданының 1 ш.м көмірдің шығыны – 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг артық емес.

4. Тұрғын үй көмегін төлеу

21. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

5. Қорытынды ережелер

22. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Жарма аудандық мәслихатының

2014 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 24/215-V шешіміне

2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылсын деп танылсын:

1) Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 2/16-V "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5–10–131 болып тіркелген, "Қалба тынысы" газетінің 2012 жылғы 9 мамырдағы № 37 санында жарияланды);

2) Жарма аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 ақпандағы № 9/84-V "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 2/16-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2913 болып тіркелген, "Қалба тынысы" газетінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 27 санында жарияланды);

3) Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 19/166-V "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 2/16-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3277 болып тіркелген, "Қалба тынысы" газетінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 37 санында жарияланды).